

2020 жылды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында кедендейтік әкелу баждарының сомаларын есепке жатқызу және бөлу туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 12 Өкімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 43-тармағының 4-тармақшасы және Кедендейтік әкелу баждарының (баламалы қолданылатын өзге де баждардың, салықтар мен алымдардың) сомаларын есепке жатқызу мен бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 5 қосымша) 54-тармағының негізінде және Еуразиялық экономикалық комиссияның 2020 жылды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында кедендейтік әкелу баждарының сомаларын есепке жатқызу және бөлу туралы ақпаратын назарға ала отырып:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы Кедендейтік әкелу баждарының (баламалы қолданылатын өзге де баждардың, салықтар мен алымдардың) сомаларын есепке жатқызу мен бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы хаттаманы (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 5 қосымша) іске асыру мониторингі жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

2. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қыргыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан